

Каспий теңізінде көмір-сутегі шикізатын өндіруді жолға қою және дамыту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 13 ақпандағы N 97 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 4 мамырдағы N 406 Қаулысымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.05.04 N 406 Қаулысымен.

Каспий теңізінің Қазақстан Республикасының Атырау мен Маңғыстау облыстарындағы жағалаулары мен суы тайыз секторында көмір-сутегі шикізатын бағалауды жеделдету және оны барлау мен өндіру тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Каспий теңізінің қазақстандық бөлігіндегі көмір-сутегі шикізатын геологиялық-геофизикалық зерттеу, барлау және өндіру жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыруды үйлестіруге жауапты орган ретінде Қазақстан Республикасының Энергетика және отын ресурстары министрлігі белгіленсін. Зерттеу жұмыстары Геология және жер қойнауын қорғау министрлігімен бірлесіп үйлестіріледі.

Энергетика және отын ресурстары министрлігінің осы мақсатта арнаулы "Қазақстанкаспийшельф" мемлекеттік компаниясын құрып, тиісті халықаралық консорциум ұйымдастыру жөніндегі ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика және отын ресурстары министрлігі Геология және жер қойнауын қорғау министрлігімен, Ұлттық ғылым академиясымен бірге Солтүстік Каспийдің қорықтық аймағының жағалау аудандарда жұмыс жүргізудің айрықша экологиялық шарттарын ескеріп, шельфтегі кен көздерін бағалау мен дамыту жөніндегі жұмыстардың бағдарламасын әзірлеп, белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қарауына енгізсін.

3. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі Каспий теңізі аумағында мұнай-газ кен орындарын геологиялық-геофизикалық зерттеу және игеру бағдарламасын жүзеге асыру үшін орталықтандырылған қаржы (оның ішінде валюта қаржысы) бөлінуін көздейтін болсын.

4. *Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1997.07.03. N 1050а Қаулысымен.*

5. Маңғыстау және Атырау облыстарының әкімдері "Қазақстанкаспийшельф" мемлекеттік компаниясына қызметтік және өндірістік үй-жайлар, мамандарға тұрғын үйлер, өндірістік база мен тұрғын үйлер салуға жер бөлуде, байланыс

құралдарымен қамтамасыз етуде және әлеуметтік мәдени-тұрмыстық қызмет көрсетуде көмектесіп отырсын.

6. Қазақстан Республикасының Энергетика және отын ресурстары министрлігі "Қазақстанкаспийшельф" мемлекеттік компаниясының жұмыс істеуіне жағдай жасау мақсатында тиісті министрліктермен және ведомстволармен бірлесіп нысаналы мақсатпен қызметтік автокөлік, байланыс құралдарын, қажетті материалдық-қаржылық ресурстар бөлу мәселесін шешетін б о л с ы н .

7. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі республиканың басқа да министрліктерімен және ведомстволарымен бірлесе отырып Каспий теңізі аумағы бойынша теңіз шекарасын белгілеу жөнінде Каспий теңізіне іргелес мемлекеттермен келіссөз жүргізісін және оны тиісті келісіммен баянды етсін.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі*